



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ЖОО-да ТЬЮТОРЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Нұрмұханбетова Ардагүл Нұрмұханбетовна.

Arda.nur76@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының докторанты, Қазақстан, Астана.

Ғылыми жетекшісі – Абдыхалыкова Ж. Е.

Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігіне қадам басуымен және жаһанданумен байланысты туындаған интеграциялық процесстер білім беру жүйесінде жалпы әлемдік стандарттарға сай жүйеге келтіруді талап етті.

Еліміздің Болон процесіне қосылуы отандық білімнің жаңа талаптары мен республиканың саяси-экономикалық таңдауына толық жауап береді. Бұл – білім сапасы мен бәсекелестік мүмкіндігін көтеру мақсатында істеліп жатқан қадам. Еуропа мемлекеттері қолдаған Болон декларациясының негізгі қағидалары:

- азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында және халықаралық бәсекелестік жағдайында Еуропа білімінің беделін көтеру үшін біртұтас білім мен ғылым мәртебесін қабылдау;

- білімнің бакалавр, магистратура, докторантураға негізделген үш сатысын бекіту;

- оқу процесін ұйымдастыру мен білім үлгерімінің қорытындысын бағалау бойынша еуропалық кредиттік жүйені енгізу;

- Еуропа елдері мен университеттері арасында профессорлар мен студенттердің алмасуын өрістетуге;

- оқу үрдісін Еуропалық сапа деңгейіне көтеру;

- жоғары оқу орындарында халықаралық аттестаттау мен аккредиттеуді жандандыру.

Болон процесінің қағидалары сонымен қатар білім бағдарламасының салыстырмалылығы мәселесін шешетін және академиялық ұтқырлықтың кеңеюіне көмектесетін сынақтың бірліктер жүйесін дайындау мен қолдануға мүмкіндік береді.

Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы іске асырылады.

Кредиттік оқыту технологиясының негізгі мақсаты: еңбек нарығының, еліміздің-инновациялық даму міндеттерін және жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу [1].

Кредиттік оқыту технологиясы қазіргі замандағы талаптарды қамтамасыз ете отырып, маманның жеке оқу траекториясына, өзіндік және кәсіби дамуына, дағдылануына бағыт - бағдар береді. Бұл бағытта дұрыс жол көрсету үшін білім алушыларды кредиттік оқыту технологияларының ерекшеліктеріне бейімдеу, ақпараттық хабарлануы мен сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Осы мәселелердің шешімі тьюторлық ұғымымен тікелей байланысты.

XI–XII ғасырларда университеттер «әлеуметтік-мәдени институттар» ретінде пайда болды. Бір оқу орындарының студенттері келесі университеттердің оқытушыларына қатыса алатын болды. Студентке білім жолының басында таңдау жасау қиынырақ болды, міне осы кезеңде тьютор қызметі қажетті ерекшелік ретінде қалыптаса бастады. Ол студенттерге білімге қол жеткізу үшін «жол таңдауға», қажетті академиялық дәрежесін алуға көмектесті. Ортағасырдағы студенттер ең бірінші өзіндік білім алу дағдысын игеруі тиіс болды, бұл дағды оларға қажетті білімді табуға игеруге көмектесті. Ал тьюторлық сүйемелдеу осы өзіндік білім алуды сүйемелдеу қызметін атқарды. Тарихи дамумен тьютордың да тәрбиелеу

қызметі кеңейіп, қамқорлық көрсетумен өзіндік анықтауға көмек көрсетті. Тьюторлықтың білім беруде саласында көрініс табуы XIV ғасырда Ұлыбританиядағы «классикалық ағылшын университеттерінде – Оксфорд пен Кембридже» белең алды. Ол кездердегі ағылшын университеттерінде тьютор тәлімгер қызметін атқарды, профессор мен студенттер арасындағы байланыстырушы болды [2].

Тьютор – ”tutor” ағылшын тілінен аударғанда – педагог-жетекші. Бұл сөздің этимологиясы (лат. tueor – қамқорлық көрсету, қорғау) – «қорғаушы», «қамқоршы», «қарауыл» түсінігімен байланысты.

«Қазіргі заманғы ағылшын тілінің Оксфордтық сөздігінде **тьютор ғылыми атағы бар, студенттерді бақылау сеніп тапсырылған тұлға (undergraduate)**. Студенттер оның қол астындағы қорғаушылары болып табылады (pupil)».

«...**педагог-тьютор** қазіргі кезде классикалық еуропалық университеттерде апта сайын жүргізілетін жеке кеңес берулерді – тьюторлық сағаттарды және үнемі жүргізілетін тьюториалдарды – 5-7 білім алушылардан тұратын мини-топтардағы сабақтарды жүргізеді. Қазіргі кездегі зерттеулер мәліметтері бойынша Оксфорд және Кембридж университеттеріндегі оқу уақытыны басым бөлігін (75 % дан 90% ға дейін) тьютор сабақтары алады».

Тьютор – бұл жекедараландыру ұстанымдарына сай әрекет жасайтын және оқушылардың жеке білім бағдарламаларын құруында қолдайтын педагог.

Қазіргі уақытта педагогикалық қауымдастықта ашық білім берудің құндылықтары мен принциптерін жақтаушылардың саны көбеюде. Олардың көпшілігі өзіндік белсендіру, өзін өзі жүзеге асыру қажеттіліктерін жаңа инновациялық педагогикалық позиция, мамандық – «тьютор» мамандығымен жүзеге асыруды ұсынады. Себебі қазіргі білім беруде тьюторлық сүйемелдеу – білім беру жүйесіндегі арнайы ұйымдастырылумен байланысты педагогикалық позиция.

Оқу процесі, сабақтың тәртібі мен сипаты оқушының қабылау қабілетінен туындайтын танымдық қызығушылығына сай құралып, қалыптасады. Бұл жердегі негізгі қозғаушы күш – педагог-тьютор мен оның қол астындағы білім алушы.

Бұл жерде кәсіби тьюторлық іс-әрекеттің басқа әлеуметтік-педагогикалық мамандардан айырмашылығы не деген сұрақтың туындауы да заңды. Жалпылама айтқанда келесілерді атап өтуге болады: дәстүрлі әлеуметтік педагогикалық мамандықтар көбінесе нормаларды игеруге мәдени, әлеуметтік тәжірибелерді интериоризациялауға т.б. бағытталған. Тьюторлар жаңаны игеруге жағдай мен ортаны жасап, белгісізбен және инновациямен жұмыс жасайды. Тьютор мамандығы, педагогикалық тьюторлық позиция пән мұғалімі, психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісінің позицияларынан өзгеше болады. Салыстыру үшін осы төрт мамандықты алып отырған себебіміз, тьютор мамандығымен салыстыруға келетін кең тараған мамандықтар. Пән мұғалімі гуманистік бағыты бойынша пәндік оқытуға жауап береді. Оның кәсіби іс-әрекетінің мақсаты өзі беретін ғылымының игерумен, игерілуін қамтамасыз ету. Білім алушы игеруге тиіс мазмұны мемлекеттік білім беру стандартымен және пәннің оқу бағдарламасымен анықталады. Пән мұғалімі ең алдымен стандарттарды игеруге тұлғалардың мемлекеттік пән бойынша емтихандарын тапсыруына мән береді.

Білім беру жүйесіндегі психологтың кәсіби іс –әрекеті білім беру іс-әрекетіндегі субъектілердің психикасы. Психологтың кәсіби іс-әрекетінің мақсаты олардың психикалық саулығын сақтау, нығайту, білім беру мекемесіндегі жағымды психологиялық климатты құру мен сақтау, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне диагностика жүргізу. Психолог, ең алдымен тұлғаның дамуына, қоғамдық және жеке тұлғалық құнды психикалық қасиеттерінің қалыптасуына, жағымсыз психологиялық девиацияларды коррекциялауға жауап береді. Топ жетекшісінің жұмысы топтық ұжымды қалыптастыруға бағытталады. Оның кәсіби мақсаты топ ұжымының әрбір мүшесінің білім беру мекемесінде қабылданған ережелер мен нормаларды сақтауын қамтамасыз ету қоғам қабылдайтын мінез сипаттарын қалыптастыру. Топ жетекшісі білім алушының оқу кеңістігінде тиімді іс-әрекетін

қамтамасыз етуге тырысады, үлгерімі мен сабаққа қатысуын қадағалайды, жанұямен коммуникацияны қамтамасыз етеді. Әлеуметтік педагогтың іс-әрекетінің мақсаты әрбір баланың жетістікті әлеуметтенуі, әрбірінің қоғамда өз орынын табуы. Өзіне және қоғамға ыңғайлы әлеуметтік рольдерді игеруі. Әлеуметтік педагог әдетте ең алдымен күрделі, әлеуметтік бос кеткен жанұялармен жұмыс жасайды. Оның жұмысы кәмілеттік жасқа толмағандармен жұмыс жүргізетін инспекторлардың жұмысымен тығыз байланысты. Әлеуметтік педагогтар жанұяға және балаға әлеуметтік көмек көрсету мәселелерімен айналысады. Бұл аталған мамандықтардан айырмашылығы кәсіби тьюторлық іс-әрекеттің мақсаты әрбір білім алушыға жеке білім беру бағдарламасын жасауға және жүзеге асыруға қолдау көрсету.

Тьюторлық кәсіби іс-әрекеттегі негізгі ұғымдар «жеке білім беру бағдарламасы», «жеке білім беру траекториясы».

Жеке білім беру бағдарламасы деп жеке тұлғалық, кәсіби дамуына бағытталып жасалған бағдарламаны айтамыз, ол тьюторанттың жеке тұлғалық, білім, кәсіби қызығушылығы мен сұранысының негізінде жүзеге асады. Жеке білім бағдарламасы білім алушының сұранысын, қажеттілігі мен мүмкіндігін ескереді. Жеке білім бағдарламасы білім алушының білім алу іс әрекеттерін оның өзіндік білім алуының формалары мен түрлерін оптимизациялауға мүмкіндік береді. Бұл кезеңдерде білім алушыға көрсетілетін тьюторлық сүйемелдеудің маңызы зор. [3.]

Тьюторлық сүйемелдеу, оқушылар немесе студенттердің білім алу үдерісін жекедараландыруға бағытталған көптеген шетел мемлекеттерінің педагогикалық тәжірибесінде тарихи қалыптасқан, академиялық қолдау көрсету бағдарламасы.

Академиялық қолдау көрсету студенттер білім алу барысында кездесетін академиялық прогрессті бақылайды, оларды оқу жоспарымен таныстырады, алдағы уақыттағы білім алу туралы ақпарат алуға және т.б. мәселелерді шешуге көмектеседі.

Академиялық қолдауға қажеттілік студентке оқу курстарының арасынан икеміне байланысты қажеттісін таңдауға көмектеседі. Дамытушы оқу бағдарламасын дұрыс таңдауда және онда жетістікке жетуде көмектесуде келесі міндеттер қойылады:

1. Студенттердің икемі мен қызығушылықтарын білу.
2. Студентке дұрыс таңдау жасауда көмектесу үшін көптеген оқу бағдарламалары мен мүмкіндіктерін білу.
3. Студенттерді олардың мүмкіндіктеріне сай бағалау.
4. Студенттердің кәсіби мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын зерттеу.
5. Оқу мекемесінде және қоғамда оқу ресурстарының барлық түрлері жайында ақпараттарды меңгеру.
6. Студенттердің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына кедергі келтіретін әртүрлі психологиялық тесттер мен бақылау нәтижелерімен анықталатын жағдайлар мен шарттарды анықтау.

Тьютор қолдау субъектісі ретінде болашақ маманның ғылыми жұмысын ұйымдастыруға қатысады; әрдайым қиын жағдайларды шешкенде көмекке келуге ұмтылу; олардың дамуы үшін оқыту жағдайларымен қатар іздеу процесін құру (білім алушылар үшін максимальды дербес және тьютордың өзі үшін минимальды қатысушылық). Тьютор білім алушының қасында болып, маңызды қойылған мақсаттарға жетуге көмектеседі. [4.]

Бұл жағдайда тьюторлық қолдауды педагогикалық қызмет ретінде қарастыруға болады, оның мәні оқушының өмірлік жолын жоспарлауға және жеке білім траекториясын, мәселелік жағдайларды шешуге оқыту болып табылады. Тьюторлық қамқорлықтың арқасында білім алушы өзінің білім алу мақсаттары мен міндеттерін түсінеді және іске асырады. Жоғары білім беру жүйесінде тьюторлық сүйемелдеу, студенттердің өзіндік білім алу, жеке оқу траекториясында таңдау жасауда жауаптылығын арттырады, жекетұлғалық, кәсіби салада өзін-өзі анықтауына, тануына мүмкіндік береді.

Тьюторлық сүйемелдеуді - біздің еліміздің білім беру жүйесінде қолданылу аясы жетілдіруді қажет ететін студенттердің жеке білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін академиялық қолдаудың ерекше түрі деп те санауға болады.

Тьюторлық сүйемелдеу үздіксіз білім беру жүйесіндегі жетекшіліктің тиімді формаларының бірі. Болашақ маманның ақпараттар ағынында дұрыс жол таңдауына, жеке дара білім алу кеңістігінде бағдар таңдауына, білім алудағы мақсатына жетудегі өз мүмкіндігін саралауында тьютор бірден бір көмекші. Мазмұндық семинарлар, жекедара және топтық кеңестер жүргізу, рефлексияны ұйымдастыру, жоспарлау, жобалау мен болжауды ұйымдастыру, бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру, ресурстармен жұмыс жасау арқылы, ашық білім беру технологияларын пайдалану арқылы тьюторлық сүйемелдеу жүзеге асырылады.

Тьютор мен тьюторант жұмысының тиімділігі нақты мақсатқа бағытталған, жүзеге асырылған жеке дара білім траекториясының игерілуінен көрінеді.

ЖОО құрылымында тьюторлық сүйемелдеуді қолданудың қажеттілігін талдау барысында келесі ұсыныстарды қалыптастырады:

1. тьюторлық сүйемелдеу шетелдік білім беру тәжірибесінде тарихи қалыптасқан және кеңінен қолданылады;
2. кредиттік оқу технологиясы аясында студенттердің жеке білім беру бағдарламаларын қалыптастырудағы тьюторлық сүйемелдеудің рөлі жоғары;
3. тьюторлық сүйемелдеу дамытушы білім беру бағдарламасының ортасын қалыптастырудың міндетті шарты;
4. тьюторлық сүйемелдеу үздіксіз білім беру жүйесіндегі (бакалавр - магистратура – докторантура) жетекшіліктің тиімді формасы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кред. Оқыту технол бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі. ҚР бәлім және ғылым министрінің №152 бұйрығы 2011ж. www.edu.gov.kz.
2. «Исторические истоки и теоретические основы тьюторства» Хрестоматиялық электрондық оқулық – Қиыршығыс федеральды университеті - 2014 ж
3. Ковалева Т. М. Профессия «тьютор» / Е. И. Кобыща, С. Ю. Попова (Смолик), А. А. Теров и др. – М.-Тверь: «СФК-офис», 2012. 37 бет.
4. Абдыхалықова Ж.Е., Шалғынбаева Қ.Қ., Сейтқазы П.Б. ЖОО-да студенттерді тьюторлық сүйемелдеудің технологиясы оқу құралы - Астана 2017, 26-31 бет

УДК 342.52:342.7(574)

ПОДРОСТКОВАЯ ИНТЕРНЕТ-АДДИКЦИЯ КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Октябрятова Гүльсая Романқызы

g.romanovna_96@mail.ru

Студентка 4 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание» ЕНУ

им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Абибулаева А.Б.

Аддиктивное поведение (от англ. Addiction — склонность, пагубная привычка) характеризуется стремлением к уходу от реальности путем искусственного изменения своего психического состояния химическим или нехимическим путем. Это стремление становится доминирующим в сознании человека, его поведение подчинено поиску средств, позволяющих уйти от реальности. В результате человек существует в виртуальном, сюрреалистичном мире. Он не только не решает своих насущных проблем, но и останавливается в своем развитии, вплоть до деградации.